



ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Известия» газетіне берген сұхбаты

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ТАРИХЫ БАЙ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

— Жақын күндері Сіз Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізесіз. Соңғы уақытта сіздер тұрақты кездесіп жүрісіздер. Атап айтар болсақ, 7 қазанда Мәскеуге сапармен келдіңіз, 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне қатыстыңыздар. Сол жерде Ресей Федерациясының Президентімен жүздестіңіз. Екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қандай баға берісіз? Алдағы келіссөздер барысында нендей мәселелерге баса мән беріледі?

— Шын мәнінде, біздің Владимир Владимирович Путинмен кездесуіміз тұрақты сипат алып келеді. Бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді. Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей Президенті — барлық саладан жан-жақты хабардар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді.

Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс — Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді.

Өзіңізге мәлім, биыл ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені бұл қазақ-орыс байланыстарының келешегіне жол ашады. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастары негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын

деп бағалаймын.

Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Әлемдегі ахуалдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз.

Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл — аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат. Биыл Қазақстанның Қостанай қаласында аталған жиын 19-шы рет өткізіледі. Іс-шараның тақырыбы — ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Форум Ресей Президентінің Қазақстанға алдағы сапары секілді табысты өтеді деп сенемін.

— Қазан айында Сіз Владимир Путинмен және Шавкат Мирзиёевпен бірге Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатыстыңыз. Сіздің еліңіз үшін бұл бастама қаншалықты маңызды? Қазіргі уақытта Ресеймен бірлесіп тағы да қандай ірі экономикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жуық арада қандай жобалар қолға алынбақ? Сіздің ойыңызша, мұнай-газ және бейбіт мақсатта қолданылатын атом салаларындағы ықпалдастықтың даму перспективалары қандай?

— Газ саласы мемлекеттеріміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық прогресінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан Ресейдің келгиді отынның тасымалдау ісі жобаға қатысушы барлық тараптың мүддесіне сай келеді. 7 қазанда іске қосылған бұл жоба Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға,

Орталық Азияның аймақтық тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, елдеріміздің өндірістік дамуына, бизнес-ахуалды жақсартуға, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді.

Біз өзіміздің транзит әлеуетімізді толық қанды пайдалануға мүдделіміз және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайынбыз.

Биыл 1 қарашада өткен Халықаралық газ форумында Қазақстан Үкіметі мен «Газпром» арасында Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл — 15 жылға дейінгі кезеңді қамтитын өзара тиімді серіктестік жоспарын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ұзақмерзімді құжат.

Қазақстан мен Ресейдің мұнай саласындағы ынтымақтастығы бұрыннан табысты дамып келеді. Елімізде «Лукойл» және «Татнефть» сияқты ресейлік концерндер жемісті жұмыс істеп жатыр.

Биыл ақпан айында «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойл» Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі «Қаламқас теңіз», «Хазар», «Әуезов» кен орындарын игеру жобасы бойынша бірқатар келісім жасады.

Бұдан бөлек, 2022 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)» мұнай химиясы кешенінің құрылысы аяқталды. Ол әлемде полипропилен өндіретін ең ірі он кәсіпорының қатарына кіреді. Аталған жобаға ресейлік «Сибур» компаниясы да қатысады.

2022 жылы Саран қаласында «Татнефть» компаниясының қатысуымен автомобиль деңгелектерін шығаратын «KamAturesKZ» зауыты салынды.

Екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың үлесі айтарлықтай зор. Қазақстан мұнайының 80 пайызға жуығы Ресей аумағы арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы) сыртқы нарыққа экспортталады.

Сол сияқты Ресей мұнайы Қазақстан аумағы арқылы ҚХР-ға жеткізіледі. 2033 жылға дейінгі



кезеңде 100 миллион тоннадан астам Ресей мұнайын тасымалдау жоспарланып отыр.

Бейбіт мақсатта қолданылатын атом саласындағы ықпалдастық — энергетикалық ынтымақтастығымыздың негізгі бағытының бірі.

Елімізде АЭС салуға қатысты түрлі пікір айтылып жүр. Бір жағынан, Қазақстанның атом энергетикасын дамыту әлеуеті

мол. Еліміз табиғи уран өндіру көлемі жөнінен әлемде бірінші орын алады. Сондай-ақ ядролық отын компоненттерін өз елімізде өндіріміз және уранды изотопты байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізе аламыз. Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр станциялары үшін дайын ядролық отын шығарылады.

Жалғасы 2-бетте.

ЕЛІМІЗ БИЫЛ НАННАН ТАРЫҚПАЙДЫ

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары жиналатын алқап 24 млн гектарды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 652 мың гектарға артық. Бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірлерінде астық жинау науқаны аяқталып жатыр. Облыс өкілдерінің деректері бойынша 16,9 млн га (98,7%) жиналды. Орташа өнімділігі 9,7 ц/га бастапқы салмақта 16,4 млн тонна астық, оның ішінде 11,4 млн тонна бидай бастырылды.

Жалпы ауа райының қолайсыздығына қарамастан, күтілетін жалпы астық түсімі 16 млн тоннаға құрайды. Бұл 3 млн тонна көлеміндегі ауыспалы қалдықтарды ескере отырып, елді нанмен және үнмен толық қамтамасыз етуге жеткілікті.

Сонымен қатар елімізде 4,3 млн тонна көкөніс дақылдары, 3,5 млн тонна картоп және 1,6 млн тонна майлы дақылдар жиналды, атап айтқанда 747,5 мың тонна күнбағыс бастырылды.

Министр егін жинау жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін ауыл шаруашылығы ұйымдарына литрне 250 теңгеден 426 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінгенін айтты. Сонымен қатар ағымдағы

Елімізде егін жинау науқаны аясында республиканың нан мен ұнаа деген қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін жеткілікті астық жиналды, деп хабарлайды Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

жағдайды ескере отырып, дәнді және майлы дақылдарды кептіру үшін қосымша 62,5 мың тонна жеңілдетілген дизель отынын бөлу туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов пен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов егін орағы науқанын өткізу нәтижелеріне тоқталды.

Премьер-министр биыл еліміздің өңірлері үшін өте қиын жыл болғанын атап өтті. Жаздың аптап ыстығы мен құрғақшылықтан алқаптарғы егін қатты зардап шекті. Одан кейін тамыздан бастап осы күнге дейін үздіксіз жауған жауын-шашын астықтың саласы мен түсімін төмендетіп жіберді.

«Қолайсыз ауа райы диқанға да, техникаға да қолбайлау болды. Егін орағы уақытқа созылып кетті. Элеваторларға түскен бидайдың 40%-ға жуығы ешқандай класқа жатпайды. Алайда қазақстандықтар биыл

наннан тарықпайды. Өткен жылдан қалған қорды ескеретін болсақ, жиналған өнім көлемі ішкі нарықты толықтай қамтамасыз етуге жеткілікті», деді Әліхан Смайылов.

Ол отандық фермерлерге мемлекет тарапынан қажетті қолдау шаралары көрсетілгенін еске салды. Атап айтқанда, әділ сатып алу бағасы белгіленді. Айыппұл санкцияларын қолданбай, несиелер мен қарыздарды қайтару мерзімдері ұзартылды. Жеңілдетілген дизель отыны, оның ішінде астықты кептіру үшін қажетті отын көлемі бөлінді.

Сонымен қатар субсидияларды төлеу бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындау үшін шаралар қабылданып жатыр. Осылайша, өсімдік шаруашылығы бойынша алғашқы 30 млрд теңге субсидиялары бөлінді.

Сонымен қатар бидайды тікелей сатып алу үшін тиісті қаржы бөлу туралы шешім қабылданды.

«Тағы да аптап өткізіледі. Ішкі нарықта бидаймен проблема болмауы керек. Ұн

және нан өнімдері Азық-түлік корпорациясы мен өңірлік тұрақтандыру қорларының резервтері арқылы қамтамасыз етілген», деп атап өтті Премьер-министр.

Сонымен қатар Үкімет басшысы заманауи суару технологияларын енгізу бойынша жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті. Бұл су шығынын азайтып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

«Еліміздің құбылмалы климатына бейімделген жергілікті сорттарды өсіруге ерекше көңіл бөлу керек. Бидайдың жаңа сорттарын өсіру жұмыстары нашар жүріп жатыр. Аграрлық ғылыми жүйені түбегейлі қайта қарау қажет», деді ол.

Премьер-министрдің айтуынша, ауыл шаруашылығы техникаларының паркін жаңарту мәселесі де өзекті, өйткені өбден тозығы жеткен техника егіс жұмыстарының сапасына да әсер етеді.

Осыған байланысты Әліхан Смайылов Агроөнеркәсіп кешенінің, оның ішінде дәнді дақылдардың отандық селекциясының ғылыми әлеуетін дамыту жөнінде нақты ұсыныстар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша қосымша ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Известия» газетіне берген сұхбаты

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАстықтың ТАРИХЫ БАЙ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Жалғасы, басы 1-бетте.

Екінші жағынан, көптеген азаматтар мен сарапшылар атом станциясының қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Семей ядролық сынақ полигонының ауыр қасіретін ескерсек, мұны түсінуге болады. Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру ұсынысын жоғары бағалаймыз. Ейтсе де АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады.

Мен 2019 жылғы сайлауалды бағдарламада аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешім референдум арқылы қабылданады деп мәлімдеген едім.

Инвестициялық ынтымақтастық туралы сауалыңызға орай мына нәрсені айтқым келеді. Соңғы 18 жылда Ресейден Қазақстанға келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 20 миллиард доллардан асты. Өз кезегінде, Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы 6 миллиард долларға жуықтады.

Инвестициялық ықпалдастықтың осылайша оң қарқын алуына өндірістік кооперацияның да септігі тиді. Оның аясында екі елдің бизнес-субъектілері жалпы сомасы 33,5 миллиард доллар болатын 143 бірлескен жобаны жүзеге асырып жатыр.

Жалпы сомасы 3,2 миллиард доллар болатын 30 маңызды жоба сәтті іске қосылды. Қазіргі кезде машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібі секілді экономиканың маңызды салаларында 40 жоба жүзеге асырылуда. Олардың жалпы құны 16,6 миллиард долларды құрайды әрі 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын дамыту үшін бұл бағытта мол әлеует бар.

— **Батыс елдері бұрын-соңды болмаған мөлшерде санкция салды. Бұл шектеулер көлік-логистика саласына да әсер етеді. Соған қарамастан Ресей мен Қазақстанның аталаан саладағы ынтымақтастығы табысты өркендеп келеді. Мысалы, екі ел «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізін дамытып отыр. Осы бағыттағы ықпалдастықтың келешегіне қандай баға бересіз?**

— Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ. Сондықтан Парсы шығанағындағы аймақтарға дейін жетіп, одан әрі Үндістанға шығатын «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізі зор мүмкіндіктерге жол ашады әрі еліміздің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін локомобильді бірін айнала алады.

Аталған бағыт Еуразия құрлығындағы көлік қатынастарының құрылымын, тіпті кооперация мен өзара қарым-қатынас деңгейін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

«Солтүстік — Оңтүстік» дәлізін дамыту мақсатында тараптар инфрақұрылымды жаңғырту, терминалдардың қуаты мен жылжымалы құрамның санын арттыру, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан мен Ресейдің өзара көлік байланысын, соның ішінде «Солтүстік — Оңтүстік» бағытын нығайту, сайып келгенде, өзара сауда мен инвестиция көлемінің ұлғаюына оң ықпал етері сөзсіз.

Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бағытында көлік-логистика саласының маңызы артып келеді. Шын мәнінде, әлемде көлік бағдарламасы, логистикаға бақылау орнату үшін қызу бәсеке жүріп жатыр. Қазіргі кезде Еуразияның жаңа көлік құрылымы қалыптасуда. Мұны ойдағыдай жүзеге асырсақ, қатысушы тараптардың бәрі де экономикалық өріс саяси пайдаға кенелмек.

Физикалық инфрақұрылымнан бөлек, тауар транзитіне арналған ортақ цифрлық жүйені қалыптастыру үшін нақты шешімдер әзірлеу өте маңызды. Ол сенімді әрі қолдануға оңай, озық цифрлық технологияларға негізделген шешім болуға тиіс.

Қазақстан бар мүмкіндігі мен ресурсын жумылдырып, сенімді логистикалық хаб ретінде қызмет көрсетеді. Тасымалданатын жүк көлемін арттыру үшін өз аумағымыздағы теміржол және автомобиль жолдарының талапқа сай келмейтін тұстарын реконструкциялауға өзіміз.

— **13 қазанда Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы шартқа қол қойылып, Жарғысы бекітілді. Бұл құрылымды құру жөнінде Әзіңіз бастама көтергеніңіз белгілі. Жалпы, ұйым қызметінен не күтесіз? Қазақстан мен Ресейдің мәдени-гуманитарлық саладағы, соның ішінде ТМД аясындағы ықпалдастығы келешекте қандай дамуы деп ойлайсыз?**

— Ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын біріктіруші маңызды фактор болған әрі алдағы уақытта да солай қала береді. Бұл бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастығымыздың табысты болуына бірден-бір себеп — ТМД елдері халықтарының тілдері мен орыс тілінің үйлесімді өріс теңгерімді дамуы.

Бүгінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі саналатын әрі халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілі — мемлекеттеріміз арасындағы достық қарым-қатынасқа демеу болатын ұйыстырушы фактор. Сондай-ақ өңірлік кооперацияны, ынтымақтастық пен өзара сенімді нығайтатын пәрменді құрал ретін атқарып отырғаны жасырын емес. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын.

Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерген кезде мен әлемдік тәжірибені де басылылыққа алдым. Кезінде француз, неміс, испан және басқа да тілдерді дамыту үшін осындай халықаралық ұйымдар құрылған.

Мына нәрсеге баса назар аударғым келеді. Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру идеясы ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатына балама жасау ниетінен туған жоқ. Ұйымның құқықтық субъект ретінде танылуы және оған ТМД-ға мүше емес өзге мемлекеттердің қосылуына ашық болуы маңызды.

Биыл ТМД аумағында Орыс тілі жылы бөліп жарияланды. Мұның символдық мәні зор. Санкт-Петербург Достастық елдерінің 2023 жылғы мәдени астанасы болды. Ол ТМД елдері арасындағы мәдени байланыстардың нығайтуына зор үлес қосты. Бұл ретте екіжақты мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып қала береді.

Соңғы кездері бұл саладағы ықпалдастығымыз айтарлықтай жандана түсті. Қазақстанда және Ресейде екі елдің мәдениет күндері, Қазақстан немесе Ресей киносының күндері ұйымдастырылып тұрады. Биыл өтіп жатқан «Орыс маусымы» жобасы елімізде көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар шығармашылық білім беру, музей-кітапхана ісі салаларындағы ынтымақтастығымыз нығайып келеді. Қазақстанның өртістер мен шығармашылық ұжымдары Ресейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

Өзара құрмет пен екі елдің мүддесіне сай келетін осынау игі дәстүр келешекте де жалғасуда деп сенемін. Қазқ мәдениетін әлемге таныту, сонымен қатар Ресейдің өзіне тән ерекше мәдениетін жақынырақ білу біз үшін маңызды.

Жалпы, ТМД ұйымының отыз жылдық қалыптасу кезеңінде мәдениетаралық диалог Достастық кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық ортақ құндылықтарды тарату ісінде маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Бұл бағытты ТМД-ның рухани бірлігін арқауы, елдеріміз мен халықтарымыздың арасын жалғанан «алтын көпір» деп санаймын.

— **Қазақстан Республикасында кейінгі кездері Ресейдің бірқатар жоғары оқу орнының (МИФИ, Губкин атындағы Мәуі және газ РМУ) филиалдары ашылды. Екі ел арасында орта, кәсіптік және бастауыш білім салаларындағы ынтымақтастықтың кеңейту жөнінде қандай жоспарлар бар?**

— Қазіргі уақытта Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Бұл өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда көп.

Бұдан Ресей жоғары оқу орындарының білім әлеуеті жоғары әрі сұранысқа ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар мұндай таңдау жасауға территориямыздың жақындасы, тілдік кедергінің жоқтығы, оқу ақсының қолжетімділігі, оқытушылар құрамының біліктілігі, көптеген білім ордасының кеңес кезеңінен бері қалыптасқан беделі мен атағы ықпал етті.

Қазақстанда техникалық бейіңдегі шетелдік жетекші оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл еліміз Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жасалған Жоғары және жоғары оқу орнын кейінгі білім беру мекемелерінің филиалдарын тең негізде құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялады.

Соның нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Келесі жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-техникалық университетінің филиалы

лын ашу жоспарланып отыр.

Халықтарымыздың тарихи және мәдени жақындағын ескерсек, орта білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге екі тараптың да қызығушылығы бар. Қазақстанның оңтүстік облыстарында Қазақстан-Ресей бірлескен білім беру мекемелерін ашу жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Бұл ретте біз Ресейдің Қазақстанмен шекаралас, қандастарымыз көп тұратын облыстарында осындай мектептер ашуға мүдделіміз.

— **Қазіргі уақытта Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп отыр. Осы Ұйымның аясында елдеріміздің өзара ықпалдастығы қалай өрбиде? Астана үшін ШЫҰ қызметіндегі қандай салалар басымдыққа ие?**

— Ең алдымен, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының тең құрылтайшысы екенін атап өткім келеді. ШЫҰ — біз үшін көпжақты өңірлік диалогты дамытатын басым бағыттың бірі.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келе жатқан ұйым қазіргі таңда күн тәртібі ауқымды әрі беделді көпжақты платформаға айналды. Бүгінде орасан зор саяси-экономикалық, адами және мәдени әлеуетке ие Шанхай ынтымақтастық ұйымын, шын мәнінде, аймақтағы қауіпсіздіктің кепілі, өзара тиімді экономикалық ықпалдастықтың ауқымды кеңістігі және мәдени байланыстардың сенімді дөңкері деп атауға болады.

Бұл туралы биыл шілде айында өткен ШЫҰ саммитінде айттым. Біздің ойымызша, қазіргідей күрделі геосаяси және геосауықаралық жағдайда сенімге, өзара тиімді мүддеге, теңдікке арқа сүйейтін, мәдениеттердің әралуандығына құрметпен қарайтын және қатар дамуға ұмтылатын «Шанхай рухының» мызғамас іргетасын нығайтуға басымдық беру керек.

Бұл ретте Қазақстан үшін ШЫҰ-ға төрағалық ету — зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. ШЫҰ төрағасы ретінде біз ұйымдағы өзара ықпалдастықты бұдан да жоғары деңгейге көтеруді, оның жұмысының тиімділігін одан әрі арттыруды басты мақсат етіп қойдық.

Осыған орай өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, көпжақты ынтымақтастықтың сауда-инвестициялық және мәдени-гуманитарлық мазмұнын байыту Қазақстан төрағалығының басымдықтары ретінде жарияланды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымын одан әрі дамытудың көптеген өзекті мәселелері мен перспективаларына қатысты елдеріміздің ұстанымдары сәйкес келеді. Бұл — екіжақты серіктестіктің нәтижелі екенін білдіретін маңызды көрсеткіш.

Жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге төтеп беру, көпжақты экономикалық диалог пен гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселесіндегі ұстанымдарымыз ортақ.

Орталығы Ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру жөніндегі Қазақстан ұсынған келіссөздерді ілгерілетуде Ресей белсенді рөл атқарды. Сондай-ақ Алматы, ШЫҰ-ның туристік және мәдени астанасы, ал 2024 жылды ұйым аясында Экология жылы деп жариялау туралы ұсынысымыз қолдау тапты.

Елдеріміз ШЫҰ мен оның негізгі органдарының қызметін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ ұйымның энергетика, экономика, құқық қорғау және экология салаларындағы ортамырақ деңгейде арналған стратегиялық құжаттарын дайындау ісінде күш біріктірі.

Мен Қазақстан мен Ресейдің табысты ынтымақтастығына зор үміт арттымын. Бұл келесі жылы шілде айына жоспарланған ШЫҰ саммитінің табысты өтуіне сенігін тигізетін сөзсіз.

Ол үшін ауқымды әрі жүйелі жұмыстарды бірлесі атқаруымыз керек. Біздің «Шанхай рухына» бейілдіміз бен бір-бірімізді қолдау ниетіміз ынтымағымызды нығайтып, ШЫҰ-ны дамыту жөніндегі ортақ тәсілдерді әзірлеуге ықпал ететініне сенімдімін.

— **Біз қазір құбылмалы заманда өмір сүріп жатырмыз. Ерте ме, кеш пе бірполярлы әлемнен көпполярлы әлемге ауысымыз. Әлемдік экономикалық жүйенің ұстанымдары да өзгеріске ұшырауда. Осыған орай келешекте деген көзқарасыңыз қандай?**

— Көріп отырғанымыздай, заманауи көпполярлы әлемді қалыптастыру үдерісі тым ауыр жағдайда өтіп жатыр. Дүниежүзінің әр қиырында қақтығыстар, санкциялық текетірестер, сауда соғысы өршіген жағдайда болашаққа сеніммен қарау да қиын.

Алайда парасат пен ынтымақ жікке бөліну мен әзімшідіктен үстем боларына сенімдімін. Әлем тарихында мұндай мысалдар жеткілікті. Түптеп келгенде,

жаһан жұрты ұзақмерзімді бейбітшілік орнатпай күнге жетеді. Ол үшін мынадай екі шарт міндетті түрде орындалуға тиіс. Атап айтқанда, өзара ымыраға дайын болу және халықаралық құқық нормаларын сақтау. Мұның екінші бөлігі — Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы.

Кез келген қайшылықты БҰҰ Жарғысының нормалары мен қағидаттарына сай шешуге болатынына кәміл сенемін. Бұл құжатты әлемдік қоғамдастық адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстан кейін қабылдады. Мұндай қасірет енді қайталанбауы үшін халықаралық аренада бөріне түсінікті, оқшай ойын ережесі қабылданды. Бұл ізгілік пен адамгершілік қағидаттарының зор жеңісі еді. Әзірге әлем қақтығыстарды өңсереді бұдан артық тәсілді ойлап тапқан жоқ.

Жер көлемі, қуаты мен экономикалық әлеуетіне қарамастан, барлық мемлекет тең. Халықаралық құқық ешқандай бұра тартусыз, теңдей және бөріне бірдей қолданылады.

Сондықтан ашуды ақылға жеңдіріп, халықаралық құқық нормаларын мүлтіксіз сақтаған сәттен бастап, әлемде тепе-теңдік қайта орнайды деп санаймын. Бұл формула саяси жүйелер үшін де, қазіргі замандағы экономикалық, экологиялық және гуманитарлық мәселелерді шешуде де өзектілігін жоймайды.

Бүгінде біз халықаралық жағдай шиеленісе түскен шақта өмір сүріп жатырмыз. Саяси қысым жасау әдістері, сауда және санкциялық соғыстар алдыңғы орынға шықты. Бұл халықаралық сауда жүйесін түбі тығырлықтай тіреді.

Біз бұрын-соңды болмаған геосаяси белшектену және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жікке бөліну жағдайына куә болып отырмыз. Саясат пен экономикада жаһандық және аймақтық деңгейде өзгерістер жүріп жатыр. Бұл мемлекеттер мен құрылтайдың қауіпсіздігін алаңдаушылық туғызды.

Үйлесімді әлемдік экономика құру үшін Жаһандық Оңтүстік және Жаһандық Солтүстік елдері өзара сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге, сондай-ақ көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ортақ мәмілеге келуі керек.

Осындай күрделі үдерісте БҰҰ маңызды рөл атқаруға тиіс. Қазіргі таңда ол барлық адамзатты біріктіретін баламасы жоқ жалғыз жаһандық ұйым саналады.

Бұл орайда түрлі шектеулер мен геосаяси белшектенудің күшеюі БҰҰ-ның бірлігі мен ұйым мандатының үстемдігіне нұқсан келтіріп жатқанын мойындауымыз қажет.

Ұйымға қатысты сыни пікірлер көбейіп келеді. Сын, негізінен, ішкі реформалар жасау қажеттігін байланысты айтылып жатыр. Жер шарының ер қиырындағы дағдарыстарды реттеуде БҰҰ қауқарсыздық танытып отыр.

БҰҰ-ны жаһандық қауіпсіздікті сақтайтын, ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне төтеп беретін, қазіргі заманның түйткілдерін тиімді шеше алатын негізгі күшке айналдыратын уақыт жетті деп ойлаймын.

Ұйымның көптеген институты қырғи-қабақ соғыс жылдарында құрылғандықтан, олардың жұмыс тәсілі тарих қойнауына кеткен дәуірге негізделген. Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі айқын байқалады. Мұны Кеңес құрамын кеңейту арқылы жүзеге асыруға болады.

Шағын және орта мемлекеттер ірі державалар арасындағы алтын көпірге айналып, халықаралық тұрақтылық үшін тарихи жауапкершілік арқалады. Қауіпсіздік Кеңесінің аясында осындай мемлекеттердің үні жарқын шығып, олардың бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше рөлге ие болуы маңызды.

ШЫҰ мен БРИКС-тің соңғы саммиттерінде «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама көтердім. Ол жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократия қағидаттарына сай және рационалды саяси, халықаралық экономикалық тәртіпті қалыптастыру үшін тиімді прогреске қол жеткізуді көздейді.

Ынтымақтастықты нығайту үшін стереотиптерді түбегейлі қайта қарау керек. Ол өзара сенімді қалпына келтіруге, қолданыстағы халықаралық міндеттемелерді орындауына күш салуға, сондай-ақ орнықты жаһандық дамуға ықпал етуге және әлемдік саясаттағы өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізетін нақты шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде тек конструктивті диалог пен мемлекеттердің ұжымдық күш-жігері, жоғары кәсіби дипломатия ғана әлемдегі тұрақтылықты қалпына келтіреді. Сонымен қатар БҰҰ Жарғысы негізінде барша адамзаттың игілігіне қызмет ететін әділетті халықаралық қатынастар жүйесін құруға ықпал етеді деп күш сенемін.

«ЗЫМЫРАН-2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Оқу-жаттығудың сценарийі бойынша ұшыру кезінде зымыран тасығыштың ауада құлап, соның салдарынан Булаев қаласының шетінен «Протоны» бірнеше фрагменттері табылған. Зымыран бөліктері құлаған жерде өрт шығып, жанармай төгіледі. Апат салдарынан тұрғын үйлер мен ауыл шаруашылығы ғимараттарының құрылыстары бұзылып, адамдар зардап шегеді. Жақын жерде өтетін теміржолға да зымыран бөлшектері құлап, нәтижесінде жарылыс, цистернаның бұзылуы, теміржол төсемі мен отынның жануы орын алады.

Оқу-жаттығу шарттары бойынша алдымен Булаев қаласының маңында зымыран тасығыштың бөлшектері құлағанын мал бағып жүрген шопан байқап қалады. Ол Булаев қаласындағы № 12 өрт сөндіру бөлімінің «101» пультіне көргені туралы хабарлайды. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері ауданның азаматтық қорғау қызметтеріне болған оқиға туралы баяндайды. Лезде төтенше жағдай туралы халықты шұғыл хабардар етіп, жедел штаб құрылады.

Бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін ТЖ аймағына ауданның басқару органдарының жеке құрамнан 67 адам және 20 техника жіберілді. Оқиға орнына бірінші болып ауданның санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының (СЗББ) және Булаев қаласының № 12 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері келді. СЗББ қызметкерлері қорғаныс костюмдерінде химиялық барлау жүргізді. Улы затты анықтағаннан кейін олар инфекция аймағын және

3 қарашада біздің ауданда «Зымыран-2023» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті. Оған облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Ерік Сарыбаев, аудан әкімі Қайрат Омаров, аудандағы құқыққорғау мекемелерінің басшылары, азаматтық қорғау мамандары қатысты. Оқу-жаттығудың басты міндеті - «Байқоңыр» ғарыш аялағынан ұшыру кезінде зымыран тасығыштардың апаттарына байланысты төтенше жағдайлар туындаған кезде басқару органдарының, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарының іс-қимылдарға өзіндігін пысықтау.



улы бұлттың таралу бағытын анықтады. Сәйкесінше тез арада аймақ тиісті жалаулармен қоршалды.

Полиция бөлімінің қызметкерлері автокөлік құралдарының кіруіне жол бермеу және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін 2 бақылау бекетін қойып, ТЖ орнын қоршап алды. Патрульдік

көліктердегі полицейлер сигналдаусы зорайтқыш құрылғының көмегімен халықты хабардар етті. Жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдай аймағындағы адамдарды эвакуациялауды ұйымдастырып, жолаушылар көлігі оларды Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте орналасқан эвакуация пунктіне

жеткізді.

Сонымен қатар, ветеринариялық станция қызметкерлері ТЖ аймағының радиусына түскен ауыл шаруашылығы жануарларын қауіпсіз жерге эвакуациялады, онда мұндай жағдайлар туындаған жағдайда алдын ала жем-шөп дайындалған болатын.

№ 12 ОБС қызметкерлері тұрғын аймаққа қарай өрттің таралу қаупін жою үшін су шашып, зымыран тасығыш бөліктерінің өртенуін жойды. Апатты жоюға көмек көрсету үшін тағы да қосымша күштер келді: суды тасымалдау және дала өртін сөндіру үшін ерікті өртке қарсы құрылымдар мен орман шаруашылықтары тартылды. Жарақат алған тұрғындар аудандық ауруханаға жатқызылды.

Өрт жойылғаннан кейін жедел-тергеу тобы тергеу әрекеттерін жүргізді, оның соңында зымыран тасығыштың бөліктері апат орнынан шығарылды. Ластанған топырақ бульдозермен тазартылып, вирус жұқтырған барлық заттар жүк көліктеріне тиіліп, одан әрі жою үшін шығарылды.

Оқу-жаттығу аяқталғаннан кейін азаматтық қорғау қызметінің басшылары «Зымыран-2023» командалық-штабтық оқу-жаттығуының іс-қимылдарын бағалау және нәтижелерін талқылау үшін жедел штабқа жиналды.

Бүгінгі шараға өртке қарсы қызметтің, радиациялық барлаудың, инженерлік-техникалық қызметтердің, сондай-ақ, медициналық ұйымдардың және жедел әрекет ету күштері мен құралдары тартылды. Мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесіне жүктелген барлық тапсырмалар толық көлемде орындалды. Мамандар өздерін жақсы қырынан көрсетті, - деді жиынды қорытындылаған облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Ерік Сарыбаев.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ

ЖОЛ ҚАРТАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алқалы жиынды «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов ашып, жүргізіп отырды.

Бүгінгі кезекті отырыста біз «AMANAT» партиясының «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» саялауды бағдарламасын жүзеге асыру аясында Жол картасында көрсетілген шаралардың Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша орындалуы, Мағжан Жұмабаев ауданында қысқы кезеңде автомобиль жолдарын күтіп ұстауға және «AMANAT» ауданы партиясы филиалының жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының 2023 жылғы 10 айдағы атқарған жұмысына қатысты бірқатар мәселелерді қарастырамыз, - деді Төлеген Әлжанұлы.

Алғашқы сұрақ бойынша Қайрат Қайроллаұлы сөз алып, ауқымды баяндама жасады.

Аудан бойынша орташа айлық жалақы 2023 жылғы қаңтар-маусым 244, 962 теңге, НКІ - 114,8 %. 2023 жылы 235,3 мың теңге жоспарлануда.

Сапалы жұмыс орындарын құруға келетін болсақ, іс жүзінде жылдың 1 қарашасына 280 адам жұмысқа орналастырылды. Халықтың өлеуметтік осал топтарының арасынан азаматтарға бүгінгі таңда 30 млн. теңгеден астам сомаға 28 грант берілді.

Егер ауылда жаңа кәсіпкерлік субъектілері туралы айтатын болсақ (5 жылға арналған жоспар - 25) - «Золотарев» ЖК Медвежка ауылында 1000 шаршы метрге жылыжай салынды.

Қарақоға ауылындағы «Булаево Агро» ЖШС наубайханасын жанғырту жүргізілді, өнімділігі күніне 220 нан орамасын құрайды. Булаев қаласында «Тамаша 2050» ЖШС өнімділігі күніне 30 кг болатын ешкі ірімшігін өндіретін цех ашты.

«Ильино А.В.» ЖК Полтавка ауылында көмір брикеттеу үшін жабдықтар сатып алды, электр желісін жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аудан орталығында «У. В. Р» ЖК полиграфиялық студиясы кеңейтілді.

7 қарашадағы жағдай бойынша жас мамандарға арналған бюджеттік кредитке «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 6 маман өтініш берді. Көтерме жердемақы 35 маманға 12 075 мың теңге сомасында берілді. Қараша айында 20 маманға көтерме жердемақы беруді жоспарлап отырмыз.

Ауыл шаруашылығы саласында 1 қарашаға барлығы 331 жұмыс орыны құрылды. (5 жылға арналған жоспар - 1398 бірлік техника) - ағымдағы жылдың 1 қарашасына бес млрд. теңгеден астам сомаға 259 бірлік техника мен жабдық



8 қараша күні «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтіп, онда аудан әкімі Қайрат Омаров депутаттар алдында есеп берді.

сатып алынды.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы «Золотарев» ЖК-нің 17 га алаңына тамшылатып суару орнату арқылы су үнемдеу технологияларын (жаңбырлатып, тамшылатып) қолдана отырып, жер көлемі ұлғайтылды.

Бұдан басқа, минералды тыңайтқыштарды сатып алуға субсидиялау көлемі - 15,1 мың тоннаға шарттар жасасу ұлғайды.

Аудан бойынша мал шаруашылығы саласынан екі жыл ішінде 8 сүт-тауар фермасы және бір бордақылау алаңы іске қосылды. Егер «Ауыл аманаты» бағдарламасы туралы айтатын болсақ, аудан бойынша 185 млн. теңгеге 25 өтінім берілді, 185 млн. теңгеге 25 өтінім қаржыландырылды.

Сапалы білім беру үшін жағдай жасау бойынша 2023 жылы Октябрь орта мектебінде 54,618 мың теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілді.

Ағымдағы жылы Қарақоға орта мектебіне биология, Октябрь орта мектебіне физика, Булаев мектеп-бөбекжай кешені және Сарытомар орта мектебіне химия кабинеті сатып алынды.

Мәдениет саласына көшетін болсақ, Советское ауылының мәдениет үйін жөндеу

аяқталды. Қарақоға ауылының Мәдениет үйі бойынша өлі де жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жолбарындар жалпы сомасы шамамен 350 млн. теңгені құрады (Советское а. МҮ - 35 млн. теңге, Қарақоға а. МҮ - 313 млн. теңге)

Егер спорт туралы айтатын болсақ, аудан орталығында бір вормат алаңы орнатылды (5 жылға арналған жоспар: Булаевта - 2, Бастомарда - 1). 2025 жылы Бастомар ауылында бір алаң орнату жоспарлануда.

Бүгінгі таңда аудан бойынша бір жарым мыңнан астам адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады (5 жылға арналған жоспар - 8 мыңнан астам адам).

2023 жылдың 10 айында ауданда 6.688 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қатысты 102,7% құрайды. Тұрғын үйді іске қосу жоспары орындалады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 10 айында ауданда жеке тұрғын үй құрылысы үшін 35 жер учаскесі берілді.

Ағымдағы жылы 59 отбасы немесе 189 адам жұмыс күші артық аймақтардан қоныс аударды (5 жылға арналған жоспар - мыңнан астам адам), - деді аудан әкімі.

Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев жолдарды қысқы күтіп ұстау туралы ақпарат берді.

Аудан аумағында 709,8 км жол өтеді, оның ішінде 194 км республикалық маңызы бар жол, 108 км облыстық маңызы бар жол және 407,8 км аудандық маңызы бар жол.

Республикалық маңызы бар (194 км) жолдарды тазарту жұмыстарын «Қазавтожол» АҚ жүзеге асырады. Ауданда аталған ұйым Қазақавтожол СҚОФ ЖШС-нің екі бөлімшесі бар: ДЭП-4 «Булаево» және ДЭП-5 «Возвышенка» аталған ұйымдарда барлығы 10 техника бар.

Облыстық (108 км) және аудандық маңызы бар (407,8 км) жолдарды қардан тазарту жұмыстарын «Петропавл жолдары» ЖШС жүргізеді. Осы мақсатта ауданда екі жол ұйымы бар: ДЭУ-68 және Возвышен ПДУ. Жолдарды қысқы күтіп ұстау үшін ЖШС-нда 14 техника бар.

Жолдарды тазарту бойынша АШТӨ айтарлықтай қолдау көрсетеді, ауданның елді мекендерінде барлығы 50-ден астам техника жұмылдырылады, осы бағытта ауыл әкімдері меморандумдар жасасу бойынша жұмыстар жүргізуде, - деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Юрий Баранов партиялық бақылау комиссияларының қызметі күнтізбелік жылға бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылатынын айтты.

Партияның аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы 6 отырыс өткізді. Барлық қаралған мәселелер бойынша шешімдер қабылданды, 19 ұсыныс берілді - олар тиісті органдарға жіберілді, олардың 17-сі орындалды, 2-уі орындалу үстінде және ол бақылауда.

Партияның жол картасы шеңберінде тұрақты негізде салынып жатқан өлеуметтік маңызы бар объектілерге партиялық бақылауды күшейту үшін партиялық бақылау комиссиясы партия филиалы жанындағы объектілерге Тапсырыс берушілермен және техникалық қадағалаумен бірлесіп және өлеуметтік объектілерде (мектептер, дөрігерлік амбулаториялар, Мәдениет үйі) партиялық бақылау бекеттері ашылған. Партиялық бақылау комиссиясының осы бағыттағы жұмысы жалғасатын болады, - деді Юрий Олғович.

Фракция жиналысының күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралып, депутаттар бірқатар ұсыныстар айтты.

9 ҚАРАША - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САПА КҮНІ

САПА - КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕМЕСЕ КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫС КӨЗІНІҢ КІЛТІ



Дүниежүзілік Сапа күні - қарашаның екінші бейсенбесінде әлемнің көптеген елдерінде өткізілетін жыл сайынғы іс-шара. Бұл күнді құрудың бастамашысы - Еуропалық сапа ұйымы.

Дүниежүзілік сапа күнінің басты міндеті әлемдік нарықта ұсынылған қызметтер мен өндірілетін өнімдердің жоғары сапасының маңыздылығын арттыру болып табылады. Мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі-тауарлар мен қызметтердің сапа деңгейіне байланысты мәселелерге назар аударуға ықпал ететін қызметті күшейту және ілгерілету. Тауарларға сәйкес келетін бірінші критерий - бұл адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі, екіншісі - олар тұтынушылардың мәлімделген нормаларына, сұраныстары мен үміттеріне жауап беруі керек.

Сапа ұғымы қазіргі өркениеттің пайдасы деп атайтын нәрсемен, өмір сапасымен тығыз байланысты - бұл қоршаған ортаны сақтау, адамның физикалық денсаулығы мен психологиялық жайлылығы. Мысалы, біздің денсаулығымыз тамақ пен судың сапасына байланысты. Біздің еліміздің халқы, әлемнің басқа елдері сияқты, тек сапалы тауарларды сатып ала алуы керек.

Сапа саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты Қазақстан экономикасының орнықты дамуы, халықтың көбірек жұмыспен қамтылуы қамтамасыз ету, әлеуметтік проблемаларды шешу және, сайып келгенде, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің мемлекет жосықсыз өндірушілермен күресу үшін көп нәрсе жасайды. Тауарлар олардың қолданыстағы МЕМС, ҚР СТ және басқа да нормативтерге сәйкестігіне тексеріледі. Өзіңізді сапасыз тауарлардан қорғау үшін ақпарат пен сапаны бақылау қажет. Ең алдымен, сатып алушылар сапалы өнімді жалғандықтан қалай ажыратуға болатындығын, өнімнің сапасын қандай параметрлер бойынша бағалауға болатындығын білуі керек.

Жыл сайын Қазақстан Республикасында түрлі конкурстар өткізіледі, онда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің үздік үлгілері қойылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа», «Қазақстанның үздік тауары» және т.б. сыйлығын алуға арналған конкурстар жұмыс істейді.

Ағымдағы жылы Солтүстік Қазақстан облысының Астана қаласында ұсынылуы үшін «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсының өңірлік кезеңінің жеңімпаздары таңдалды. «Үздік азық - түлік тауарлары» номинациясында - «Казмиспродукт» ЖШС, «Молсервис» ЖШС, «Экомол Сергеевка» ЖШС, халық үшін үздік тауарлар - «Радуга» ЖШС, «Аймақ 715» ЖШС, «АБД - Орманы» ЖШС, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» - «SMBGROUP FAMILY» ЖШС, «Петропавл электротехникалық зауыты» ЖШС, «Изолит» ЖШС.

Қазіргі жағдайда сапа үшін күресу керек. Мұны тұтынушылар ғана емес, өндірушілер де жасауы керек. Өйткені, өнімнің жоғары сапасы ғана компанияларға біздің нарықтағы ең қатал бәсекелестікке төтеп беруге көмектеседі.

Дүниежүзілік Сапа күні қарсаңында жұмысты ұйымдастыратын, сапаға қатысты бар барлық адамдарды құттықтаймыз. Сапаны жүйелі түрде жақсарту арқылы тұтынушылардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру кәсіпкерлік субъектісінің экономикалық өсуінің негізі болып табылады, өйткені қазіргі жағдайда сапа көз-келген кәсіпорынның, кез-келген саланың және, әріне, ер елдің қызметіндегі сәттіліктің көпірі болып табылады.

Екатерина ПАРИШИНА,
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



2023 жылдың 9 айында департаментке 414 ауызша және жазбаша өтініш келіп түсті.

Оның ішінде: E-otinish - 137 жазбаша өтініштері, Telegram-Bot - 91 жазбаша өтініштері, ауызша өтініштер (тұтынушыларды қабылдау) - 71, ауызша өтініштер ("жедел желі" телефоны) - 115.

Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін қарау нәтижелері:

- түсіндірілді - 60 (26,3 %) өтініш;
- қанағаттандырылды - 113 (49,6 %) өтініш;
- 29 (12,7 %) өтініш қайта бағытталды;
- өтініш беруші шағымды қайтарып алды - 13 (5,7 %) өтініш;
- қарауда - 13 өтініш.

Талдау көрсеткендей, тұтынушылардың құқықтары келесі қызмет салаларында ең көп бұзылады:

- бөлшек сауда (47,6%);
- электрондық сауда (39,1%);
- тұрмыстық қызметтер (3,4%).

Ағымдағы жылдың 9 айында өтініштерді қарау қорытындысы бойынша тұтынушыларға 10 млн.812 мың теңгеден астам ақшалай қаражатты қайтаруға көмек көрсетілді.

Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша 10 мың респонденттің әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері бойынша келесі сурет қалыптасты:

31%-ы жарамдылық мерзімі мен азық-түлікті сақтау нормаларын сақтамауға тап болды; Сауалнамаға қатысқандардың 24%-ы тауарлардың сапасына наразы;

19,2% заң бойынша талап етілетін азық-түлік туралы ақпараттың жоқтығына шағымданады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру мемлекеттік органдардың қызметіне ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың үкіметтік емес институттарына да байланысты екенін атап өткен жөн.

Олар қазіргі мораторий жағдайында отандық нарықта сапасыз импорттық тауарлардың үстемдігінен басты қорғаушы болып табылады.

Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ішкі нарықта Мемлекет

Басшысы қойған елдің негізгі міндеті болып табылады.

Бірақ оған азаматтық қоғамның, қоғамдық институттардың, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді ұстанымынсыз қол жеткізу мүмкін емес, жалпы, бей-жай тұтынушылар.

Шынында да, біз барлық 19 миллион қазақстандық, соның ішінде тұтынушылар болып табылатын барлық қатысушылар туралы айтып отырмыз.

ҚР сауда және интеграция министрлігі "Сапалы өнім" қоғамдық тұжырымдамасын іске қосуды ұсынады. Ол үшін заңнамалық құралдар мен тетіктердің базалық жиынтығы бар.

Атап айтқанда, қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заң қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік береді:

- тауардың тұтынушылық қасиеттерін зерттеу;
- тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігіне са- раптама жүргізуге бастамашылық жасау;
- өнімнің сапасы туралы қоғамдық пікірді анықтау үшін халыққа сауалнама жүргізу;
- тауардың сапасын бағалау мақсатында мемлекеттік органдарға жүгіну;
- тұтынушылардың мүддесі үшін сотқа талап қою;

- өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін зерттеу нәтижелері туралы ақпаратты тарату.

Сонымен қатар, осы функцияны іске асыру кезінде қоғам белсенділері тауарды сату о- рындарына барған кезде жасалатын барлық әрекеттерді фото -, аудио -, бейнетіркеуді қолдануға құқылы.

Сондықтан біз тұтынушылар мен қоғамдық институттарды сапалы және қауіпсіз өнімге өз құқықтарын қаттырақ жариялауға шақырамыз. Бұл өркениетті нарықтық қатынастарды құрудағы шешуші, бетбұрыс болады.

«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» РММ.

15 ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНА - 30 ЖЫЛ

Төл валютамызды дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызында Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекіткен еді. Содан кейін қазақ валютасын салған суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжелеловтер Англияға аттанды. Ұлттық валютаны «теңге» деп атауды ұсынған Халықаралық Инженерлер академиясының академигі, Қазақстанның белгілі ғалымы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Сауық Төкежанов еді.

«Теңге» сөзі - түркі халқының орта ғасырда есеп айырысқан күміс монеталарының атынан пайда болған.

Осылайша теңге атауының қайта оралуы - XIII ғасырда өз монеталары соғыла бастаған еліміздің Отырар мен Тараз сияқты ірі қаласының дәстүрін жалғастырды. 1992 жылы теңге дизайнындағы портреттер бекітілді. Ал 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне және әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылып шықты. Бұл жағдайда ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бйлай деп еске алған еді: «Ил-76» төрт ұшағын жалдап алып, ақшамыздың 60 пайызын тасып әкелдік. Бұл өте құпия операция еді.

Құжаттарға: «Мемлекет басшысының салынып жатқан резиденциясына керекті мүлік» деп жазылды. Оған дейін облыс- тарда жерасты қойма жасатып қойдық. Төрт ұшақ аптасына Лондон-Орал, одан облыстарға дейін әріл-беріл он сегіз рейс жасап тұрды. 12 қарашаны мен ақшаны енгізу күні деп жариялады. Жиырма күнге жетер жетпес уақыт қалды. ҰҚҚ

15 қараша Ұлттық валюта - теңгенің айналымға енген күні және ҚР қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.



басшыларының бәрін операцияны өткізуге жұмылдырдым. Ең қиыны, ақшаны барлық аудандарға, барлық банктерге жеткізу. Ол сегіз күннің ішінде атқарылып шықты. Бәлкім дүниежүзіде жаңа ақшаны енгізу тал осындай тез әрі табысты жүзеге асырылған жоқ шығар»...

1993 жылдың қазан-қараша айла- рында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қараша күні теңге ресми айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың 15 қарашасы таңғы 8.00-де ба-

сталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталған еді. 1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2,50, 20 және 50 но- миналды монеталар шықты. 2006 жылы 15 қарашада 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттар жаңа дизайн- да жарыққа шықты.

Қазіргі уақытта банкноттар Ұлттық банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета - Өскемендегі Монета сарайында шығарылады. Теңгенің алғашқы банкноттарында Сүйінбай Аронұлы, Құрманғазы, Абай, Шоқан

Уәлиханов, Әбілқайыр хан, Абылай хан, әл-Фараби сынды белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланыл- ды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл-Фараби, үш теңгелікке Сүйінбай, бес теңгелікке Құрманғазы, он теңгелікке Шоқан, жиырма теңгелікке Абай, елу теңгелікке Әбілқайыр хан, жүз теңгелікке Абылай хан бейнесі сомдалды. Кейіннен теңгедегі тарихи тұлғалардың бейнелері алынып тасталды, дизайндары өзгертілді.

Бірақ Қазақстан теңгесі өз тарихында ұш жыл қатарынан «Үздік банкнот» атағын алған валюта ретінде тарихта қалды. Жыл сайын халықаралық банкнот қоғамдастығы интернет-дауыс беру арқылы жылдың ең үздік банкнотын анықтайды.

Дел осы қоғамдастық «2011 жылғы ең үздік банкнот» атағын Қазақстан Респу- бликасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған 10 000 теңгелік естелік банкно- тына берген болатын. Келесі жылы да ҚР Ұлттық Банкінің «Қазақ Елі» сериясынан 5 000 теңгелік банкноты екінші рет «2012 жылғы ең үздік банкнот» атағын иеленді. Ал Түркі жазба ескерткішіне арналған, 1 000 теңгелік «Күлтегін» ескерткіш банкно- тына үшінші «2013 жылғы ең үздік банкнот» атағы берілген. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша - төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді.

«ҰЛАН» СПЕКТАКЛІНІҢ ПРЕМЬЕРАСЫН ТАМАШАЛАДЫ



Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры Фабит Мүсіреповтің «Ұлан» спектаклін көрермен назарына ұсынды. Премьераның режиссері - ҚР еңбек сіңірген қайраткер Болат Ұзақов. 1,5 ай дайындықтан кейін тарихи шығарма үлкен сахнаға жолдама алды. Тарихи драманы тамашалауға мағжандық қариялар да мүмкіндік алып, аудандық ардагерлер кеңесінің қолдауымен театрға барып келді. Фабит Мүсіреповтің «Ұлан» романы қазақ әдебиетінің төрінен ойып тұрып орын

алған шығарма. Онда ел тізгінін бекем ұстаған қайсар қыздың өмірі баяндалады. Ұлан - өмірде болған адам. Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды драма театрында сахналанған қойылымның режиссері - Болат Ұзақов. Ол 1 жарым ай бойы театр актерларымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Режиссердің айтуынша, өмір қым-қиғаш, аласапыран болып жатқан кезде тарих ұлы тулғаларды дүниеге тудырады. Солардың бірі - Ұлан. - Қазіргі күнге дейін Ұланның аты

өшкен жоқ. Ұрпақтары жақсы біледі. Фабит Мүсіреповтің жазған Ұлан романы осы анамызға арнап қойылған үлкен ескерткіш. Мен бұл спектакльді қоюға үлкен құлшыныспен келдім. Тарихқа өте жақынмын. Қойған спектакльдерімнің бәрі тарихи. Бұл біздің ұлтымыз үшін, болашағымыз үшін өте керек дүние, - деді премьер ашылуында Болат Ұзақов. Ұлан - классик жазушы Фабит Мүсіреповтің 1974 жылы XIX ғасырда қазақ даласында болған тарихи шындықтарға

негіздеп жазған романдарының бірі. Сахна төрінде аналардың анасы, қоғам қайраткері Ұланның болмысы керемет түрде сомдалды. Зал лық толған көрермендер тағаттана, барлығы бір кісідей тына тамашалады. Көзіқарақты көрерменге керемет әсер сыйлау үшін сахнаға 30-дан астам актер шықты.

Балқия ӨТЕУЛЕНОВА,
аудандық ардагерлер кеңесі
теріғасының орынбасары.

ҚАРИЯЛАР АРАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКУАДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



3 қараша күні аудандық Мәдениет үйінде аудандық ардагерлер кеңесінің қолдауымен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен қариялар арасында жыл сайынғы дәстүрлі спартакиада болып өтті. Мағжандық қарттар тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, дартс пен үстел теннисі бойынша спорт тың бес түрінен бақ сынап, әр округтен келген зейнеткерлер жеңімпаз атануға тырысып бақты.

Бір күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, олар медальдармен, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Мәселен, тоғызқұмалақ бойынша жарыста Марат Жаналин топ жарса, Любовь Данилова мен Валентина Вороная жүлделі 2-ші орын алды, ал Бәзила Хамитова үздік үштікті қорытындылады. Шахмат додасында Николай Есеге тең келер ешкім болмады, Геннадий Гончар күміс медальды жеңіп алса, Күрлеу Құдайбергенов пен Николай Соколов қола медальдарды місе тұтты.

Дойбы жарысында да Николай Есеге жеңімпаз атанды, ал Галина Кремнева мен Николай Жоров сәйкесінше 2-ші және 3-ші орындардан көрінді.

Дартс бойынша ерлер арасында Сергей Заев 1-ші орынды жеңіп алса, Қорқытбай Малғаздаров 2-ші орынды және Марат Баймұратов 3-ші орынды иеленді. Әйелдер арасында Татьяна Дмитриева үздік атанса, Құлжан Әлиева күміс жүлдеге, Наталья Попова қола медальға қол жеткізді.

Үстел теннисінен өткен сында Рашид Хасенов жарыс жеңімпазы атанса, Александр Тарабарин 2-ші орынды және Марат Баймұратов 3-ші орынды ұтып алды.

Жанат ӘУБЕКІРОВА,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің
басшысы.





Дүйсенбі, 13 қараша	Сейсенбі, 14 қараша	Сәрсенбі, 15 қараша	Бейсенбі, 16 қараша	Жұма, 17 қараша	Сенбі, 18 қараша	Жексенбі, 19 қараша
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.00 ЖӘДІГЕР. 06.30, 05.20 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 20.00, 00.25 AQPAPAT. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИ- ОНАТЫ. 20.35, 02.35 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 00.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.00 САНА. 02.05 АУЫЛДАСТАР. 03.25 БІРЕГЕЙ. 04.15 BIZBEN BIRGE.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.40 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 20.00, 00.25 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИ- ОНАТЫ. 20.35, 02.35 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 00.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.00 САНА. 02.05 АУЫЛДАСТАР. 03.25 ТҮЛҒА. 03.55 BIZBEN BIRGE. 05.00 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.45 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 20.00, 00.25 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ. 20.35, 02.55 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 23.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 00.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.00 САНА. 02.05 MERGENDER MEKENI. 04.05 BIZBEN BIRGE. 04.50 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 23.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 04.05 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40, 02.05 MERGENDER MEKENI. 16.40, 02.55 ОТАҢДЫҚ BRAND. 17.10, 04.55 BIZBEN BIRGE. 20.35, 03.15 ASHYQ ALAŇ. 21.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 00.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.00 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 AQPAPAT. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 22.55 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.30, 02.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40, 03.40 ДАРА. 17.10, 04.40 BIZBEN BIRGE. 20.35 МАТЧ ҚАРСАҢЫНДА. ТІКЕЛІЙ ЭФИР. 20.50 ФУТБОЛ. EURO-2024. 23.55 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.15 PARASAT MAIDANY. 01.25 САНА. 03.25 ДАЛА ДӘМІ. 05.25 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 17.00 AQPAPAT. 07.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.35, 04.35 ШАҢЫРАҚ. 08.10 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 08.50, 02.35 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 20.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.35, 04.15 ДАЛА ДӘМІ. 14.55 ӘН МЕН ӘНШІ. 17.20 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН», Х/Ф. 00.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 03.30 BIZBEN BIRGE. 05.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.15 ЖӘДІГЕР. 06.30, 04.40 АУЫЛДАСТАР. 07.05, 05.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.45 Д/Ф. 08.35, 02.40 AQAAYYT. 09.00, 17.10 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.20 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.40, 21.00 КОНЦЕРТ. 16.35, 03.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.40 АРТА. 20.50, 02.30 AQORDA. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.30 Т/Х «АЛДАНҒАН АРМАН». 00.00 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 03.30 BIZBEN BIRGE.

Дүйсенбі, 13 қараша	Сейсенбі, 14 қараша	Сәрсенбі, 15 қараша	Бейсенбі, 16 қараша	Жұма, 17 қараша	Сенбі, 18 қараша	Жексенбі, 19 қараша
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «2+1». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.30 М/Ф. 11.50 М/Ф «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 16.00, 00.00 Т/С «ПРОСТИТЬ НЕЛЬЗЯ РАССТАТЬСЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «БӨСЕКЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 16.00, 00.00 Т/С «ПРОСТИТЬ НЕЛЬЗЯ РАССТАТЬСЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «БӨСЕКЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.30 Д/Ф. 11.15 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 16.00, 00.00 Т/С «ЧУЖАЯ СЕМЬЯ», Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «БӨСЕКЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 16.00, 00.00 «ЧУЖАЯ СЕМЬЯ», Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «БӨСЕКЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 21.45 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 16.00 Т/С «ЧУЖАЯ СЕМЬЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 МЕҒАХИТ. «БЕССМЕРТНЫЕ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «JUP-JUBYMEN». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 САРБАЗ. 09.30 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 10.00 МЕҒАХИТ. «БЕССМЕРТНЫЕ». 12.00 М/Ф. 13.25 М/Ф «БАРБОСКИ- НЫ». 14.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 16.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ». 00.15 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 JUP-JUBYMEN. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.00 ОЯНҒАН ӨЛКЕ. 10.00 «ЛУЧШЕЕ ВО МНЕ». Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.25 М/Ф «БАРБОСКИ- НЫ». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ». 00.15 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 13 қараша	Сейсенбі, 14 қараша	Сәрсенбі, 15 қараша	Бейсенбі, 16 қараша	Жұма, 17 қараша	Сенбі, 18 қараша	Жексенбі, 19 қараша
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ПЕРЕВАЛ». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 «БЕГЛЕЦ», Х/Ф. 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 00.50 Т/С «НАЧАЛЬНИК РАЗВЕДКИ». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ПЕРЕВАЛ». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМ- СЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.50 Т/С «НАЧАЛЬ- НИК РАЗВЕДКИ». 14.00, 02.30 НОВОСТИ. 14.15, 02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ПЕРЕВАЛ». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.50 Т/С «НАЧАЛЬ- НИК РАЗВЕДКИ». 14.00, 02.30 НОВОСТИ. 14.15, 02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ПЕРЕВАЛ». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00, 00.50 «МОЛОДОЙ», Х/Ф. 14.00, 02.30 НОВОСТИ. 14.15, 02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ПЕРЕВАЛ». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00, 01.50 МУЖСКОЕ/ ЖЕНСКОЕ. 13.00 «МОЛОДОЙ», Х/Ф. 14.00, 02.30 НОВОСТИ. 14.15, 02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ПОЕЗД НА СЕВЕР».	06.00, 03.35 ТАМАША СІТҮ. 08.00, 02.50 «П@УТИНА». 09.00 БЕЙКУНӨ. 10.00 ПРОУЮТ. 11.00 «ИНТИМ НЕ ПРЕДЛАГАТЬ» Х/Ф. 13.20 «ДОМ НА ХОЛОДНОМ КЛЮЧЕ» Х/Ф. 17.15 DASTARHAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «X FACTOR». 20.10 «ВИНОГРАД», Х/Ф. 00.05 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ». 02.00 Т/С «РОДИТЕЛИ».	06.00, 04.00 ТАМАША СІТҮ. 07.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.00, 03.15 «П@УТИНА». 09.00 БЕЙКУНӨ. 10.45 ҚАЙМАҚ. 11.15 «ВИНОГРАД» Х/Ф. 15.20 X FACTOR. 16.30 ӘТУТАЙ. 17.50 «СЕДЬМОЙ ЛЕПЕСТОК» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «НА КРАЮ ЛЮБВИ», Х/Ф. 00.45 «ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ». 02.25 Т/Х «РОДИТЕЛИ».

Егер де есті кісілердің қатарында
болғың келсе, күніне бір мәртебе,
болмаса жұмасында бір, ең болмаса
айында бір өзіңнен өзің есеп ал.
Абай ҚҰНАНБАЕВ.



С ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ УЛЫ ГАЗ ДАБЫЛДАТҚЫШТАРЫМЕН ЖАРАҚТАНДЫРДЫ



Мағжан Жұмабаев ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мен «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қызметкерлері бірлесіп Булаев қаласында тұрғын үйлерде (халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен) өтеусіз негізде ұлы газ дабылдатқыштарымен жарақтандырды, сондай-ақ ұлы газбен уланудың алдын алу жөніндегі нұсқаулықтар мен паракшаларды таратты.

Бұл жоба Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы БҰҰ Азық-түлік ұйымымен бірлесіп ағымдағы жылы «Қазақстанның ауылдық жерлеріндегі әйелдердің мүддесі үшін «жасыл» биоотын» жоба-

сына әділ өтуді іске асыруда.

Жобаның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасында пайдаланылатын дәстүрлі отын түрлерінен (көмір, газ, дизель отыны және ағаш) жаңартылатын энергия көздеріне (отын брикеттері) көшу мүмкіндігін көрсету болып табылады.

Айта кету керек, брикет түрінде жаңартылатын энергия көздеріне көшу климаттың өзгеруі мен энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру аясында Булаев қаласында 25 дабылдатқыш орнату жоспарлануда.

Мағжан Жұмабаев ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

С ЖЕЛЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

ТЕМІР ЖОЛДА АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Темір жол және әуе көлігі объектілерінде адамдарды басып кету фактілеріне жол бермеу және тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстардың алдын алу мақсатында Булаев станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету аумағында 2023 жылдың қараша айының 06-10 және 13-17 қарашасы аралығында «Тоқтаңыз!» Басып кету қаупі бар!» атты акциясы өтуде.

Акцияның бірінші күні Петропавл станциясындағы ЖПБ-нің өкілшілік полиция бөлімшесі қызметкерлерімен рейдтік шаралар өткізу барысында белгіленбеген т/ж бойымен өткен ҚРӘБТК 559 бабының 5 бөлігін бұзған 5 тұлғаға қатысты өкілшілік хаттамалар толтырылды, 4 құқық бұзушы ескертілді, ал 50-жасар құқық бұзушыға қатысты ҚРӘБТК 559 бабының 5 бөлігін 5175 теңге қысқартылған түрде айыппұл салынды. Сонымен бірге акцияның өту

барысында Смирнов станциясында т/ж жол төсемінде мал жаю фактісі бойынша ҚРӘБТК 559 бабының 1 б. бұзған 1 тұлға өкілшілік жауапқа тартылды.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Булаев станциясындағы теміржол вокзалының күту залында тұрғындармен кездесу ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ал ӘПБ инспекторлары жоласушылар арасында «Тоқтаңыз!» Басып кету қаупі бар!» тақырыбына кездесулер өткізіп, жаднамалар таратты.

Аталған акция халыққа басылымдар мен ғаламтор жүйесі арқылы да кеңінен таратылуда.

Профилактикалық іс-шаралар 17-ші қарашаға дейін жалғасын табады.

Булаев станциясындағы ЖПБ.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны:

пошта - 2-17-80.

редакция - 2-21-35.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ

Қазір жүргізіліп жатқан жұмыс және еңбек шарттарын тіркеудің бірыңғай жүйесіне еңбек шарттарын енгізу қажет. 2018 жылғы 1 қарашадан бастап Enbek.kz, Egov.kz порталдарында кадрлық есепке алудың ақпараттық жүйелері жоқ ұйымдар үшін еңбек шарттарын тіркеу бойынша сервис іске қосылды.

Министрлік базасында еңбек шарттарының бірыңғай қоймасы "Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылды. Сондай-ақ еңбек шарттарын, еңбек шарттарына қосымша келісімдерді тіркеу және оларды бұзу үшін интеграциялық сервис. Қызметкердің жеке дело мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен дербес деректерді сұрау жолымен қалыптастырылады. Қызметкердің дербес деректерді өңдеуге келісін алу бойынша функционал пысықталуда.

Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі - бұл қағаз еңбек кітапшаларынан бас тартуға және еңбек шарттарын жасау кезінде қағаз құжаттарды ұсынуға мүмкіндік беретін жүйе, яғни диплом және жұмысқа орналасуға арналған түрлі анықтамалар бірыңғай базада болады. Өтініш берушіге жұмысқа орналасу кезінде осы анықтамаларды ұсыну қажеті жоқ. Осының есебінен жұмыспен қамтудың ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Жүйенің жұмыс тетігі: үміткер жұмысқа орналасуға келгенде, жеке куәлігін береді. Жұмыс беруші кандидаттың ЖСН-і бойынша қызметкердің жеке ісін қалыптастыруға арналған «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне сұрау салады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру жолымен қызметкер туралы деректер топтамасы қалыптастырылып, жұмыс берушіге жіберіледі. Қызметкердің алған жеке ісіне сүйене отырып, жұмыс беруші жаңа қызметкерді қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды. Содан кейін қызметкермен ЭЦҚ көмегімен немесе қағаз жеткізгіште электрондық еңбек шартына қол қояды.

Жұмыс беруші еңбек шартын «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркеуді жүргізеді.

Электрондық шартта қағаз жеткізгіштің барлық деректері, атап айтқанда тараптардың деректемелері, еңбек жағдайлары, демалыс режимі, жалақы мөлшері, қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

Сонымен қатар, жұмыс беруші шарттарға енгізілетін өзгерістерді, сондай-ақ Шарттың қолданылуын тоқтату туралы мәліметтерді тіркеуге міндетті болады.

Жұмыскерлер үшін артықшылықтар:



- Жұмысқа орналасу процесін оңайлату; құжаттарды жинау қажеттілігі (мекенжай анықтамасы, медициналық анықтаманы, аттестат, диплом, паспорттық деректерді, тәйіндемені, жұмысөтілім, сотталуы туралы анықтаманы жинау), әлеуметтік тәуекелдерден қорғайды; шарттың, журналдардың және қорларға аударымдардың болуы фактісі алынып тасталады;

- Жұмыс берушінің қызметкер алдындағы міндеттемелерін бекітіледі; - Жұмыс берушілер үшін артықшылықтар: еңбекшарттарын рәсімдеу құнын төмендету. Қағаз тасығышта кадрлық құжаттаманы жүргізу қажеттілігі, қызметкердің жеке есін қалыптастыру сервисіне қолжеткізу арқылы қызметкерлерді сапалы тіріктеу; құжаттарды қолдан жасау тәуекелдерін болдырмау, өйткені ақпаратты электрондық үкімет арқылы алады, яғни жүйе қолдан жасауды болдырмайды.

Жұмыс беруші үшін кадрлық жүргізу, оның ішінде қызметкерлерді жалдау және ауыстыру үрдісі оңтайландырылады. Кандидаттың электрондық жеке ісіне қол жеткізу арқасында ол жеке куәлік, білімі, еңбек қызметі, жұмыс өтілі және қызметкердің біліктілігі туралы диплом бойынша сенімді деректер ала алады. Тиісінше, қызметкерлерді сапалы түрде тандауға болады.

Мерзімдер бұзылған немесе едәретер ЕШЕБЖ-да көрсетілмеген жағдайда жауапкершілік көзделген. ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізбегені немесе уақытылы енгізбегені үшін ӘҚБТК-де тікелей жауапкершілік жоқ. Осы талаптарды орындауды мемлекеттік бақылау шеңберінде мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асыратын болады және жұмыс берушілер ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізу жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда жою мерзімі бар нұсқамалар берілетін болады. Нұсқаманы орындамаған жағдайда, инспекторлар өкілшілік жауаптылыққа тарту үшін материалдарды сот органдарына жіберетін болады.

Бақытжан ЫСҚАҚОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы өкілдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Директор - бас редактор
Неля ГОПЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басқалым желісесі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл к.с., Коммуна к-сі, 5 үй).
Таралымы - 555

Газет аудан өкілінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арналы
мемлекеттік ақпараттық саясаты
жүзеге асырылуы ретінде басқалым
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігі берілген. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақалалардың авторларының пікірлері редакция қолқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдық, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ресмиленбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізгіш беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.